

Бумакөл ауылы

Бумакөл ауылы Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданында Ақсай қаласынан 47 км. қашықтықта Шыңғырлау өзенінің Жайық өзеніне құя берісінде орналасқан.

Облавка селосы, Красная Утва, Садақ артелдерінің бірігуі барысында Бумакөл селосы құрылған. Бұрын Бумада бір ғана «Садақ» артелі болды. 1935 -1936жылдары «Садақ» артелі колхоз «Садақ» колхозы болып өзгертіліп, Жәнібек селолық советіне қарады. Ауыл маңынан Бума көлінің ағып өтуіне байланысты ауылды осылай атаған. Ауыл балаларының сауаттылығын көтеру мақсатында 1937 жылы Бумакөл бастауыш мектебі ашылды.

1940 жылы аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Бисенгали Басыбаев колхозға келіп, жиналыс өткізген. Сол жиналыста колхозға жаңа ат қою жөнінде мәселе талқылынып, Ихсан Ормановтың ұсынысы бойынша колхозға «Тельман» деген жаңа атау берілген. Совет Одағында елді мекендер, заводтар, колхоздар, кемелер коммунисттер көшбасшысы және халықаралық жұмысшылар қозғалысы қайраткері Эрнст Тельман есімімен аталды. Осы колхозды көтеру барысында өз күш жігерлерін аямай еңбектенген ауыл тұрғындарының қатарында Б.Айжариков, Қ.Арлов, Т.Шарипов, И.Урманов, Т.Есқалиев, Қ.Уразғалиев, М.Убышев, Р.Айжариков, З.Кусмагамбетова, Ш.Катауова, С.Кужахметов, Б.Кужахметова, К.Галиева және тағы басқалары бар.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды, соғыстың зардабы ауыл тұрғындарына қатты батты. Ер азаматтардың барлығы дерлік соғысқа аттанып, барлық қара жұмысты әйел адамдар атқарды. 1954 жылы тынайған жерлерді игеру мақсатында өзге ұлт өкілдері қоныстана бастады, сол жылдары 10 мың гектар жер жыртылды. 1956 жылдары тың игерушілердің көпшілігі кете бастады, олардың орындарын аул тұрғындары басты. Соның ішінде Ж.Мурзағалиев, С.Ахмедияров, А.Дадинов, Е.Бекеев, Т.Баубеков, К.Кусепов, А.Мустиев, С.Муканов, Ж.Уразғалиев, С.Калиев, Т.Иманғалиев, А.Сембиев, Е.Карачегеев секілді тағы басқа ауыл азаматтары 3 бригада болып жұмыс жасады. Тың игерушілер келгеннен кейін халықтың тұрмысы көтеріліп, қол жұмыстарын техника алмастыра бастады.

Ауыл тұрғындарының саны артуына байланысты 1965 жылы сегіз жылдық мектеп ашылды, ал 1978 жылы қыркүйектен бастап Бумакөл мектебі болып өзгертілді. 1981 жылы жаңа ғимарат салынып, 20 желтоқсан күні Бумакөл орта мектебі ашылып, мектеп директоры Р.З.Хаметдинов сайланды. Сол жылы күзде Мәдениет үйі ашылды. Мәдениет үйінің алғашқы директоры болып Р.З.Файзулов тағайындалып, 2004 жылға дейін қызмет жасаған. Р.З.Файзуловтың кезінде "Веселые мушкетеры" атты балалар студиясын құрып, қызықты бағдарламалар ұсынып ауыл тұрғындарының алғысына бөленген. Көптеген жылдар өткеннен кейін 2008 жылы мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтті. Мәдениет үйінің жанында ауылдық кітапхана бар. Оның

негізі 1929-1930 жылдары қаланған, сол кезде кітап саны бар болғаны 60 дананы құраған. Сұранысқа байланысты кітаптарды көрші ауылдардан ауыстырып ала отырып, ауыл тұрғындарының қажеттілігін қамтамасыз етіп отырған. Қазіргі кезде кітап қоры 12 876-ға жетті. Бұның ішінде 2832 қазақша, қалғандары орыс тіліндегі кітаптар. 1981-1984 жылдары Тельман колхозында Жақсығали Каламбаев басқарма болды. Ал 1984-1988 жылдары Валерий Павлович басқарма болды, Ресейге қоныс аударғаннан кейін 1988 жылдан бастап, 1992 жылға дейін Измагамбетов Ибрагим Таирұлы басшылық қызмет атқарды. Тәуелсіздік тұсында. 1991 жылы еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Тельман колхозының аты қайтадан Бумакөл колхозы болып өзгерді. Ауылшаруашылығының дамуына өз үлестерін қосқан ел азаматтарының аты тарих бетінде қалды. Оларды атап өтер болсақ: Е.Бекеев, Т.Баубекөв, К.Балпанов, А.Дадинов, Е.Карачегеев, Т.Иманғалиев, К.Тоғызбаев, К.Тыныштыков, Ж.Оразғалиев, О.Ескалиев, Қ.Қосмагамбетов, С.Сапиев, Р.Нысанов, А.Елекеев. Сол кезде колхоз басқармасы Қ.Е.Исфамбетов болса, ауыл советінің басқармасы Ә.С.Муканов болды. 1996 жылы колхоз ыдырап, АӨК-ге айналдырылды. АӨК-де С.Қ.Молдағалиев басқарма қызметін атқарды. Ал 1999 жылы мамыр айында АӨК тарап, 3 ЖШС бөлінді: «Утва» ЖШС Ғ.Н.Муканов, «Облавка»ЖШС А.М.Васильченко, «Бума»ЖШС С.Қ.Мулдағалиев болып тағайындалды. Осы тұста ауыл әкімі болып Ғ.Е.Исфамбетов сайланды.

Қазіргі таңда. Тәуелсіздігіміздің 25 жыл аясында ауылымыз көркейіп, 2002 жылы С.Қ.Молдағалиевтың қолдауымен ауылға көгілдір отын өткізілді. Мектебіміздің жанынан «Қарлығаш» балабақшасы ашылды. 2001-2030 жылдарға арналған "Ауыз су" мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, еліміздің тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында ауылымызға және әр үйге су құбырлары тартылды.

Бөрлі ауданының әкімі Б.А.Шәкімовтың ұсынысымен ауылымызда Жас туристер станциясын ашылды. Оған себепші ауылымыздың сұлу табиғаты және ауыл тұрғындарының спортқа деген қызығушылығы мен жетістіктері себепші болды. Жас туристер станциясының алғаш басшысы болып, бірнеше жыл туризм саласында қызмет еткен азамат Е.С.Сексенбаев тағайындалды.



*"Будни Аксая" газеті, №31, 03.08.2017
Даулетова Алия Тасжановна*